



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Еуразиялық экономикалық одақ



ЕАЭО құрылуы бірнеше кезеңнен тұрады. Кеңес социалистік республикалар одағы таратылғаннан кейін мемлекеттер бір-бірімен қандай да болмасын байланыстардан ажырап қалды. 1994 жылдан бастап ТМД еркін сауда ұйымын құруға шешім қабылдады. 1994 жылы Еркін сауда ұйымы құрылғаннан кейін де бұл ұйым өз қызметін қажетті деңгейде жүргізген жоқ. Бұл ұйымда көбіне екіжақты келісімдер жүзеге асырылып келді. 2001 жылы ТМД еркін сауда аймағын құруды ұйғарды. Еркін сауда аймағы ТМД аясында құрылғанымен халықаралық сауда қатынасында көптеген кедергілерге ұшырап, бұл мемлекеттердің арасындағы байланыс тығыз болған жоқ. ЕАЭО құрылу тарихы 2001–2014 жылға дейін созылды. 2010 жылы ТМД мемлекеттері кеден одағын құрды, 2012 жылы біртұтас экономикалық кеңістік құрды. 2014 жылдан бастап қана ЕАЭО құру мәселесі күн тәртібіне қойылып, 2015 жылы ЕАЭО өз жұмысын бастады.

ЕАЭО мүшелері – Беларусь, Қазақстан, Ресей Федерациясы, кейіннен Қырғызстан мен Армения қосылды. 2015 жылғы мәліметтерге назар аударсақ ЕАЭО елдерінің адам саны 182 млн құрайды. ЕАЭО аумағы 20 млн шаршы метр, аймақтың ЖІӨ 1,6 трлн \$ құрайды. Оның 1,33 трлн \$ Ресейдің үлесі. Жан басына шаққандағы ЖІӨ 6,065\$.

ЕАЭО негізгі институттарына Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес, Еуразиялық үкіметаралық кеңес, Еуразиялық экономикалық комиссия және Еуразиялық экономика одағының соты. ЕО-мен салыстыратын болсақ, ЕАЭО-ның заң шығарушы органына Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес жатады. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес ұлтүстілік орган. Бұл орган шығарған заң актілері ЕО-дағы директива, ереже, регламенттер сияқты ЕАЭО мүше мемлекеттеріне тікелей әсер етеді және орындауларына міндетті. Кеңес құрамына ЕАЭО мүше мемлекеттерінің елбасшылары кіреді. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес жылына екі рет шақырылады, шешімдер консенсус арқылы шығарылады, шешімдер ЕАЭО өкілеттігі шеңберінде барлық қатысушы мемлекеттерде орындалуы тиіс. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес ЕАЭО институттарының құрамы мен өкілеттіктерін нықтайды және одан әрі даму стратегиясын әзірлейді.

ЕАЭО заң шығарушы органдарының біреуі Еуразиялық үкіметаралық кеңес. Ол мүше мемлекеттердің үкімет басшылары, яғни премьер-министрлерінен тұрады. Бұл орган Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңесіне нұсқаулар береді және оның шешімдерін өзгерту немесе түзету мәселелерін қарастырады. ЕАЭО және оның бюджеті туралы мәселелерді де осы ұлтүсті орган қарастырады. Бұл органның тағы бір функциясы – ЕАЭО-ның даму жоспарын қарастырып, бекітеді.

ЕАЭО атқарушы органына Еуразиялық экономикалық комиссиясы жатады. Бұл орган да ұлтүстілік орган. Бұл дегеніміз осы органның шығарған шешімдерін ЕАЭО мүше мемлекеттері орындауға міндетті. ЕАЭО-ның ЕЭК екі бөліктен құралған. Біріншісі – ЕЭК негізгі кеңесі. Бұл кеңес вице-премьер министрлерден тұрады. Екіншісі – ЕЭК Алқасы. Алқа құрамы аймақтық шенеуніктерден тұрады. ЕЭК Алқасы әр елден екі адамнан, жалпы 10 адамнан құралған, басқарма мүшелері министрлер деп аталады. Қызмет саласына сәйкес министрлер 25 басқарманы басқарады. Мысалы, ұлттық банк органдарымен жұмыс істеуге арналған 20 консультативтік комитеттерден тұрады.

ЕАЭО департаменттері: Сауда саясаты бөлімі тауарлардың сауда-саттық шарттары мен келісімдерімен, тауарлардың шығу тегі, кедендік ынтымақтастық шарттары және тауарлар саудасына қойылатын жеңілдіктер және преференциялармен айналысады. Бұдан бөлек сыртқы сауда дауларын реттеу мәселесімен айналысады. Сондай-ақ, халықаралық сауда қатынастарын нығайту мәселесін қарастырады.

Келесі департамент – Өнеркәсіптік саясат департаменті. Бұл департамент өнеркәсіптік субсидиялар беру, өнеркәсіптік мәселелер бойынша ынтымақтастық және мемлекетаралық бағдарламалар жасау мен оларды бекіту функциясын жүзеге асырумен айналысады. Бұдан бөлек макроэкономикалық саясат департаменті және интеграцияны дамыту департаменті сияқты негізгі институттар да ЕАЭО қызметін жүзеге асырып отырады.

ЕАЭО сот органы – ЕАЭО одақтық соты. Сот мүше мемлекеттердің немесе шаруашылық жүргізуші субъектілердің, шарттың, халықаралық шарттардың және ЕАЭО шешімдерін орындалуын немесе орындауға байланысты туындайтын дауларды шешумен айналысады. Дауды шешу үшін әділет сотының құзыретіне қатысты мәселе әділет сотымен шешіледі.



Орталық мемлекет одақ органының өтініші бойынша шарттың ережелерін, одақ аясында халықаралық шарттар мен одақ органдарының шешімдерін, сондай-ақ одақ органдарының және лауазымды тұлғалары бекіткен ережелерін, халықаралық шарттары мен одақ органдары шарттарын түсіндірумен айналысады. ЕАЭО Сотының негізгі екі функциясы: біріншісі – халықаралық саудада пайда болған дау-дамайларды шешумен айналысады, екіншісі – ЕАЭО институттарының шығарған регламенттері және өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің дұрыс түсіндірілуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, еңбек қатынастарымен байланысты мәселелерді де осы орган шешеді.

ЕАЭО туралы шарттың ережелерін түсіндіру мәселесіне қатысты кейстерді қарастырайық. Беларусь Республикасының Әділет министрлігі ЕАЭО Сотына ЕАЭО ережелері бойынша арыз түсірді. БР Әділет министрлігінің сұрағы: ЕАЭО заңына бұрыңғы Кеден одағы комиссиясының шығарған заңы мен ережелері жата ма? деген сұрақ. Тарихқа көз жүгіртсек, ЕАЭО 2015 жылы ғана өз қызметін бастады, оған дейін Кеден одағы құрылып, оның шығарған шешімдері мен ережелері 2015 жылы құрылған ЕАЭО комиссиясының шешімдеріне күші жүреді, яғни Кеден одағы комиссиясының құзыреті енді ЕЭК құзыретіне ауысты. 2018 жылғы 10 шілдесінде ЕАЭО Сотының шығарған консультациялық қорытындысында: «Жоғары еуразиялық экономикалық кеңес пен Еуразиялық үкіметаралық кеңестің шешімдері ұлттық заңнамамен көзделген тәртіпте толығымен орындалуға жатады және ЕЭК шешімдері қатысушылардың аумағында тікелей қолданылатын болады. Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберінде жасалған, Одақ заңына енгізілген және Кеден одағы мен БЭК шеңберінде қабылданған шешімдер бұрынғы заңды күшін сақтайды және Соттың үлкен палатасының айтуынша, заңға кірісу, ену және заңды сақтау сөздері тиісті шарт немесе акт Одақ заңына енгізілген деген ұғымды білдіреді. Кеден одағының комиссиясынан ЕЭК-ке өкілеттілікті беру, сондай-ақ Кеден одағы комиссиясының шешімдерінің жарамдылығын сақтау Соттың үлкен палатасына, интеграциялық бірлестіктің осы органдары және олардың актілерінің дәйектілігі қорытынды жасауға мүмкіндік береді» – деп жазылған.

**Кейс.** Біріккен кәсіпорын Брянксельмаш кәсіпорны Ресей Федерациясының үкіметі ауылшаруашылығы техникасын өндіруге гранттарға үмітті субъектілерінің мәселесі бойынша наразылық білдірді. Талап арызында Брянксельмаш ауылшаруашылығы техникасын өндіруге грант бермегеніне Ресей Федерациясы үкіметінің үстінен арыз жазады. Осы арыз бойынша РФ Өнеркәсіп және сауда министрлігі Брянксельмаш компаниясының комбайны үлгілерінің субсидия беру критерийлеріне сәйкес келмейтіні туралы пікір айтты. Бұл компания талап-арызды 2016 жылғы 12 шілдеде берді, ал ЕЭК өз құзыретін 2015 жылы алып, субсидиялар беру туралы құзыретін 2017 жылы алған болатын, яғни субсидиялар беру мәселесі құзыретіне ие болмаған кезде, 2016 жылы берілген талап-арыз бойынша талаптарды бұл комиссия қанағаттандыра алмайды. Сәйкесінше, Соттың шешімі Ресей Федерациясының пайдасына шешілді.

ЕАЭО негізгі институттарының біріне Еуразиялық даму банкі жатады. Еуразиялық даму банкі мүше-мемлекеттердің дамуына жәрдемдесу, сауда-экономикалық қатынастарын кеңейту мәселесін шешуде негізгі рөл атқарады. Еуразиялық даму банкінің капиталы 7 млрд \$ құрайды. Ағымдағы инвестициялық портфелінің көлемі 315 млрд\$ құрайды. Бұл Еуразиялық даму банкінің негізгі құрылтайшылары: Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы.

Еуразиялық іскерлік кеңесі де ЕАЭО негізгі институттарының бірі. Ол бизнес субъектілерін қолдау үшін құрылған. Еуразиялық іскерлік кеңесінің құрамы: Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Ресей өнеркәсіпшілер және кәсіпкерлер одағы, Беларусь Республикасының индустрия және кәсіпкерлер конфедерациясы коммерциялық емес ұйымдарының одағы, Армения өнеркәсіпшілер және кәсіпкерлер одағы және Қырғызстан кәсіпкерлер одағы. Бұл консультативтік кеңесті құру туралы шешім ЕЭО Комиссия Алқасының 2016 жылғы 25 қазанында қабылданған. Еуразиялық іскерлік кеңесі ЕАЭО мүше мемлекеттеріне қаржылай көмек көрсету бойынша шешімдер қабылдап отырады.